

Бекітілді:

«Балдырған» бөбекжай бақшасы» МКҚК

меңгерушісі А.Қ.Бисебаева



2. Педагогикалық – ұйымдастырушылық жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңес

Мақсаты: тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін БҰ ұжымының күш-жігерін біріктіру.

Өткізу формасы	Тақырыбы	Өткізу күні	жауапты
Дөңгелек үстел	<p>№1 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»</p> <p>Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру, стратегиялық бағыттарды бекіту.</p> <p>Талқылау сұрақтары:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылау.2. «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.3. 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.4. 2025-2026 оқу жылындағы аттестацияға енгізілген өзгерістер туралы педагогтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.5. Балабақша топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әрекет кестесін, күн тәртібін бекіту; мерекелік іс-шаралар мен байқаулардың кестесімен таныстыру.6. Тәлімгер мен жас маман жоспарын құру, бағыт-бағдар беру.7. «Адал азамат» бағдарламасын балабақша жағдайында жүзеге асыру тетіктерін талқылау.	Тамыз	Меңгеруші әдіскер тәрбиешілер

Шығармашылық шеберхана	<p>№2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – экологиялық тәрбиенің негізі» Мақсаты: Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайта отырып, «Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыруда балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарын қарастыру. Талқылау сұрақтары: 1. Ата-анамен бірлескен экологиялық бағыттағы жұмыс түрлері: тренинг, экосағат, жоба, жадынама, экотақырыптағы әңгімелер. 2. «Табиғатты сүй – болашағыңды сақта» тақырыбында ата-аналар клубын ұйымдастыру.</p>	Қараша	<p>Меңгеруші әдіскер Тәрбиеші: Абдрахманова Г.Д</p>
Өткізу нысаны: озық педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы	<p>№ 3 Педагогикалық кеңес 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау. 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация). 3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі 4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация). 5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының есебі.</p>	Қаңтар	<p>Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар</p>
Тренинг, пікірталас	<p>№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – адал ұрпақ тәрбиесінің негізі» Мақсаты: Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту арқылы «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастыру. Талқылау сұрақтары: 1. Ата-анамен жұмыс формалары: тренинг, жобалар, буклет, әңгімелер. 2. «Адал ұрпақ – болашақ кепілі» тақырыбында ата-аналар клубын ұйымдастыру.</p>	Наурыз	<p>Меңгеруші әдіскер Тәрбиеші: Баймұханова С.Б ата-аналар комитеті</p>

<p>Пікірталас, шығармашылық есеп</p>	<p>№5 педагогикалық кеңес</p> <p>Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылының қорытындысы. “Адал азамат” бағдарламасы аясындағы жетістіктер»</p> <p>Мақсаты: Жыл бойы атқарылған жұмыстарды сараптау, «Адал азамат» бағдарламасы бойынша іс-шаралардың тиімділігін бағалау, бағдарламаны игеру деңгейін анықтау және келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу.</p> <p>Талқылау сұрақтары: Жылдық есеп. «Адал азамат» бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралардың қорытындысы. Бағдарламаны игеру деңгейін талдау (педагогтер мен тәрбиеленушілер арасындағы нәтижелер). Келесі оқу жылына ұсыныстар.</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Менгеруші әдіскер тәрбиешілер педагог-психолог</p>
---	--	---------------------	---

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№1

Өткізілген күні: “28” тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: 16 педагог, 1 -дәлелді

Төрағасы: А.Қ Бисебаева

Хатшы: Г.Д Абдрахманова

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорытындылау
2. “Балдырған” бөбекжай-бақшасы” МКҚК 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту
3. 2025-2026 оқу жылында тәрбиелесу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
4. 2025-2026 оқу жылындағы аттестацияға енгізілген өзгерістер туралы педагогтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу
5. Балабақша топтарының жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-әрекет кестесін, күн тәртібін бекіту; мерекелік іс-шаралар мен байқаулардың кестесімен таныстыру
6. Тәлімгер мен жас маман жоспарын құру, бағыт-бағдар беру
7. “Адал азамат” бағдарламасын балабақша жағдайында жүзеге асыру тетіктерін талқылау.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, денсаулығын нығайту, ой-өрісін дамыту бағытындағы жұмыстар қорытындыланды.

2. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

Жоспар мазмұны таныстырылып, негізгі бағыттары мен мақсаттары түсіндірілді.

3. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

ҚР БҒМ-нің 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатының негізгі бағыттары талқыланды.

4. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

Аттестация жаңа талаптары бойынша педагогтерге нақты түсіндірме берілді

5. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

Жас ерекшеліктеріне сай оқу іс-әрекеті кестелері мен тәрбие жұмыстарының жоспарлары ұсынылды.

6. Балабақша меңгерушісі: А.Қ Бисебаева

~~Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, бірлескен жұмыс жоспары ұсынылды.~~

7. Тәрбиеші: Г.Е Жолбаева

Адалдыққа тәрбиелеу мақсатында атқарылатын жұмыстар пысықталды.

Шешімдер:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылып, тәжірибеге енгізу ұсынылсын.

2. «Балдырған» бөбесжай-бақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бекітілсін.

3. Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны педагогтерге басшылыққа алынсын.


4. Аттестация өзгерістері бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

5. Оқу іс-әрекет кестесі, күн тәртібі мен іс-шаралар жоспары бекітілсін.

6. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, жоспарлы жұмыс басталсын.

7. «Адал азамат» бағдарламасы аясында жоспар құрастырылып, жүйелі жұмыс жүргізілсін.

Төрайым:  А.Қ Бисебаева

Хатшы:  Г.Д Абдрахманова

Негіздеме: <https://www.instagram.com/reel/DPPM3OoDEon/?igsh=eWV0cXRkdmd0dnFm>

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№2

Өткізілген күні: “20” қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: Акт зал

Қатыскандар: 16 педагог

Төрағасы: А.Қ Бисебаева

Хатшы: Г.Д Абдрахманова

Күн тәртібі:

1. **Ата-анамен бірлескен экологиялық бағыттағы жұмыс түрлері:** тренингтер, экосағаттар, жобалар, жадынамалар, экологиялық тақырыптағы әңгімелер.
2. «Табиғатты сүй – болашағыңды сақта» тақырыбында ата-аналар клубын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Ата-анамен бірлескен экологиялық бағыттағы жұмыс түрлері туралы тәрбиешілердің баяндамасы тыңдалды.

Баяндамада ата-аналарды экологиялық тәрбие процесіне тартудың маңыздылығы атап өтілді. Балабақша мен отбасының бірлескен іс-әрекеті арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жанашырлық сезімін қалыптастыру тиімді екені айтылды. Ата-аналармен өткізілетін экологиялық тренингтер, экосағаттар, жобалық жұмыстар, жадынамалар мен экотақырыптағы әңгімелердің тәрбиелік мәні түсіндірілді.

«Табиғатты сүй – болашағыңды сақта» тақырыбында ата-аналар клубын ұйымдастыру мәселесі қаралды.

Ата-аналар клубының мақсаты – отбасыларды экологиялық тәрбиеге тарту, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру, бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақша ынтымақтастығын нығайту екені айтылды.

Клуб аясында кездесулер, пікір алмасу, экологиялық акциялар, бірлескен шығармашылық жұмыстар өткізу ұсынылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер ата-аналармен бірлескен іс-шаралардың тәжірибелерімен бөлісіп, экологиялық тәрбиені жүйелі түрде жүргізу қажеттігін атап өтті.

Педагогтар ата-аналар клубын құрудың тиімділігін қолдап, оны тұрақты түрде жүргізу қажеттігін айтты.

Шешімдер:

1. Ата-анамен бірлескен экологиялық бағыттағы жұмыстарды жылдық жоспарға енгізу;
2. Экосағаттар, тренингтер мен жобаларды жүйелі түрде ұйымдастыру;
3. Ата-аналарға арналған экологиялық тақырыптағы жадынамалар дайындау;
4. Экологиялық тәрбиені отбасымен бірлесе отырып жүргізуді күшейту.
5. «Табиғатты сүй – болашағыңды сақта» ата-аналар клубын құру;
6. Клубтың жұмыс жоспарын бекіту;
8. Клуб отырыстарын жүйелі түрде өткізу;
9. Ата-аналарды экологиялық іс-шараларға белсенді тарту.

Төрағасы:  А.К. Бисебаева
Хатшы:  Г.Д. Абдрахманова

Негіздеме:

<https://www.instagram.com/reel/DSE8mYzDBX9/?igsh=MTdkdGJ6emMzd2x6Ng==>

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№3

Өткізілген күні: “22” қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: 17 педагог

Төрағасы: А.Қ Бисебаева

Хатшы: Г.Д Абдрахманова

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация).
3. Ата-ана консультативті бұрышының жұмыс жасау есебі.
4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация).
5. Тәуелсіздік пен отаншылдық айыпның есебі.

Тыңдалды:

- 1-сұрақ бойынша: Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер А.Е Усенғалиева баяндама жасады.
- 2-сұрақ бойынша: тәрбиеші А.Т Дабылова «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында презентация көрсетті.
- 3-сұрақ бойынша: педагог-психолог А.М Калиева ата-аналарға арналған консультативті бұрыштың жұмысы туралы есеп берді.
- 4-сұрақ бойынша: әдіскер А.Е Усенғалиева тәрбиешілерге балалармен қарым-қатынас орнату бойынша ұсыныстарын таныстырды.

5-сұрақ бойынша: тәрбиеші Г.Е Жолбаева Гәуелсіздік пен отаншылдық айында өткізілген іс-шаралар туралы есеп берді.

Шешім қабылданды:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Коммуникативті құзыреттілікті дамыту бойынша ұсынылған әдіс-тәсілдер тәжірибеде қолданылсын.
3. Ата-аналармен жұмысты жандандыру, консультативтік бұрышты толықтыру жалғастырылсын.
4. Тәрбиешілер балалармен тиімді қарым-қатынас жасау әдістерін тұрақты қолданысын.
5. Патриоттық тәрбие бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрағасы:  А.К. Бисебаева
Хатшы:  Г.Д. Абдрахманова

Негіздеме:

<https://www.instagram.com/reel/DSE8mYzDBX9/?igsh=MTdkdGJ6emMzd2x6Ng==>

Педагогикалық кеңес хаттамасы

№4

Өткізілген күні: “17” наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: Акт зал

Қатысқандар: 17 педагог

Төрағасы: А.Қ Бисебаева

Хатшы: Г.Д Абдрахманова

Тақырыбы:

“Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы – адал ұрпақ тәрбиесінің негізі”

Мақсаты:

Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту арқылы “Адал азамат” бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастыру, бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты күшейту.

Күн тәртібі:

1. Ата-анамен жұмыс формалары: тренингтер, жобалар, буклеттер, әңгімелер.
2. “Адал ұрпақ – болашақ кепілі” тақырыбында ата-аналар клубын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Кеңес барысында меңгеруші А.К Бисебаева сөз сөйлеп, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың бала тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар “Адал азамат” бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, оны жүзеге асыруда ата-аналардың рөлі ерекше екендігі айтылды.

Тәрбиешілер ата-аналармен жұмыс жүргізудің тиімді формаларына тоқталып өтті:

- тренингтер арқылы ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру,
- бірлескен жобалар ұйымдастыру арқылы бала мен ата-ана байланысын нығайту;

- ақпараттық буклеттер тарату арқылы пайдалы кеңестер беру;
- жеке және топтық әңгімелер жүргізу арқылы өзекті мәселелерді талқылау.

Екінші мәселе бойынша “Адал ұрпақ – болашақ кепілі” тақырыбында ата-аналар клубын құру ұсынылды. Клуб жұмысы арқылы ата-аналар арасында тәжірибе алмасу, тәрбиелік бағыттағы кездесулер өткізу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу көзделетіні айтылды.

Талқыланды:

Кеңеске қатысушылар ата-аналармен жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті

Тәрбиешілер тарапынан ата-аналарды іс-шараларға белсенді қатыстыру, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, сондай-ақ отбасы тәрбиесіне қолдау көрсету бойынша ұсыныстар айтылды.

Ата-аналар клубын айына 1 рет өткізу, әр отырысты нақты тақырыпқа арнау, тәжірибелік жұмыстармен толықтыру ұсынылды.

Қаулы:

1. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары жүйелі түрде ұйымдастырылсын (тренинг, жоба, буклет, әңгіме).
2. “Адал ұрпақ – болашақ кепілі” тақырыбында ата-аналар клубы құрылып, жұмыс жоспары бекітілсін.
3. “Адал азамат” бағдарламасын жүзеге асыруда ата-аналармен бірлескен іс-шаралар саны арттырылсын.
4. Тәрбиешілер ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, әр баланың тәрбиесіне жеке көңіл бөлсін.

Төрағасы:  А.К. Бисебаева
Хатшы:  Г.Д. Абдрахманова

Негіздеме:

<https://www.instagram.com/reel/DSE8mYzDBX9/?igsh=MTdkdGJ6emMzd2x6Ng==>